

Ақсу ауылы

Ақсу ауылы бұрын «Табын» руының құтты қонысы болған. Бұған дәлел, осы рудың арғы аталары болып келетін Балта Мейрман, Байқұтты, Ермекбай, Әжібай сияқты бабалары мекендеген. Табын руы дәулетті әрі бай кісілер болған деседі. Осы аталмыш жердегі Жаңақоныс елді-мекенінің қасында табылған құлыптастар куә деп есептейміз. Қазіргі кезде осы рудың ұрпақтары ауылымызда тұруда.

Тарих беттерін парақтай отырып, айтар болсақ, ауылымыздың «Ақсу» деп аталуының өз себебі бар. Ертеректе қазақ ауылдарының бірлі - жарым үйлері әр жерде шашырыңқы салынған. Сол үйлердің бірі өзен жағасында болса керек. Қасында сылдырлап мөп-мөлдір, тап-таза ағып жатқан бұлақ болған екен. Оның суы ерекше әрі шипалы болып шығыпты. Судың шипалы екенін естіген жергілікті халықтар бұлақ қасында жастары ән салып, би билеп көңілдерін көтеріп, тіпті ауыл тұрғындары күнделікті ауыз суға да пайдаланған. Бұл жерден жол сұрай өткен жолаушылар да әдейілеп соғып, шөлдерін қандырып әрі ыдыстарына құйып алатын болыпты. Сол себептен бұл мекен ел арасына тарап Ақсу деп аталып кетуінің сыры осында болса керек.

Қазіргі Ақсу ауылы құрылғанға дейін ауылдың негізгі орны, қазіргі ауылдың яғни (оңтүстік шығыс 1-2 км) Шыңғырлау өзенінің екі жағын бойлай орналасқан екен. Шипалы жеріміз қазіргі таңда халық арасында ескі Ақсу деп аталып кеткен. Кең дала, шөбі шүйгін сылдырлап аққан суы мол, дария маңында жергілікті халықтар мал шаруашылығымен айналысқан. Табын-табын жылқы, қора-қора қой, ірі қара малдарын өсіріп, тіршілік еткен. 1937 жылдары Теректі ауданының құрамында Ақсу колхозы болып құрылған.

1941-1945 жылдары, яғни Ұлы Отан соғысы кездерінде халық басына ауыр күндер төніп, соғыс зардабы бүкіл халықты есеңгіретті. Қаншама ер азаматтарымыз Отан қорғауға аттанып, көбі қайтіп оралмады. Олар: Қ.Қайдаров, С.Қыстаубаев, Т.Мендіғалиев, Қ.Мухамбетов, Ж.Оңғаров, С.Мирманов, Т.Сарбупиев, Б.Султанов т.б көптеген азаматтарымыз. Олардың есімдері, ерліктері мәңгі халықтың есінде. Соғыстағы майдангерлерге өздері аш-жалаңаш болса да киім-кешек, азық-түлік жөнелтіп, өз көмек қолдарын созып, аянып қалмады. Сол кездері колхозда басқарма болған Дошаев Мерген, Дошаев Ғұмар колхоз жұмысшыларымен бірге аянбай еңбек етті. 1943 жылы 22 сәуір күні жарық көрген «Ленинский путь» газетінде И.Сталиннің атынан Дошаев Ғұмардың атына келген алғыс хат куә. Бұл газет беті қазіргі кезде мектебімізде мұражайда сақталған ерекше жәдігерлеріміздің бірі. Бұл алғыс хаттың өзінен Ақсу халқының өз туған жеріне, Отанына деген құрметін, елін қорғап жүрген азаматтар үшін аянбай еңбек етіп, тер төккенін көреміз.

1954-1955 жылдары ауылымызда жерімізге тың игерушілердің келуімен жаңа кезең басталды. Бұрынғы ауыл тұрғындарын мал-жандарымен бірге көшіру қарқыны басталды. Бүгінгі таңда Ақсу ауылында Жаңақоныс ауылымен қоса есептегенде 645 адам өмір сүруде. Негізгі кәсіп мал және өсімдік шаруашылығы. Қазіргі кезде ауылымызда бірнеше шаруа қожалықтары «Өтепбергенов», «Салтанат», «Туртбаев» т.б жұмыс жасауда. «Жұмыспен қамту - 2020» және ауылды көтеру, өркендету мақсатындағы бағдарламалар бойынша үлкен жұмыстар жүргізілуде. Сол сияқты әлеуметтік нысандар күрделі жөндеуден өтіп, мәселен, жас мамандарға арнайы салынған кең де, жарық жатақхана, 64 орындық Мәдениет үйі, ауылдық кітапхана, фельдшерлік пункт, почта байланысы ауыл тұрғындарының игілігіне қызмет атқаруда.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдық қарсаңында кеше ғана аудандық бюджет есебінен спорттық алаң ашылып, пайдалануға берілді. Бұның өзі де болашақ ұрпақтың спортпен айналысып, денсаулығын жақсартуға арналған мақсаттардың бірі деп есептейміз. Ауылымыздың көркейіп, туған елімізді, жерімізді зерттеп, ауыл тарихы туралы мәліметтер біліп жүру, жинақтау – баршамыздың міндетіміз деп білемін.

«Бөрлі жаршысы» №51, 22.12.2017

Дүйсенғалиев Сағызбай Кадырович